

Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 31 наурыздағы №111-қ "Аудандық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 25 наурыздағы № 67-қ қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңының 21-1 бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 31 наурыздағы №111-қ "Аудандық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін бекіту туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №2407 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2014 жылы 29 сәуірде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Мұнайлы аудандық экономика және қаржы бөлімі (Ш. Сұңғат) бір апта мерзімде осы қаулының көшірмесін Маңғыстау облысының әділет департаментіне жолдасын және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулыға қол қойған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Әкім

Н. Тәжібаев